bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2022

**БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР**

# Қағаз ақша

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 11.05.2022 | https://bilimger.kz/120371/ |

## Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | **Есепті шығару жолдары** | |
| Мұғалімнің аты-жөні | Жамалхан Ақмарал | |
| Күні: | 14.04.2022 | |
| Сынып: 3 «В» | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | **Қағаз ақша** | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.1.3.6 1000 тг, 2000 тг, 5000 тг купюраларды ажырату және түрліше төлем жасау | |
| Сабақтың мақсаты | **Барлық оқушылар:** 1000 тг, 2000 тг, 5000 тг купюраларды ажырату және түрліше төлем жасау тәсілдерін қарастыра алады.<br>**Көптеген оқушылар:** есептесу тәсілдерін түсіндіре алады.<br>**Кейбір оқушылар:** көрсетілген сомаларды ұсақтаудың бірнеше тәсілін көрсете алады. | |

## Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру, өзін –<br>өзі тексеру<br><br>5 мин | **Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.**<br>Ақ көңіл,адал ниетпен,<br>Мөп-мөлдір,таза жүрекпен.<br>Қайырлы күн, досым!-деп,<br>Күніміз сәтті болсын деп,<br>Сабағымызды бастаймыз!<br>**Топқа бөліну «Таңдау» әдісімен**<br>Оқушылар 4 топқа бөлінеді.<br>1-топ. Есіл өзені<br>2-топ. Сырдария өзені<br>3-топ. Ертіс өзені<br>4-топ. Іле өзені<br>**Өткенді қайталау. Ұжымдық жұмыс.**<br>«Сандар сөйлейді» әдісі.<br>-103 санын 5 есе арттыр. (515)<br>-636 санын 6 есе кеміт. (106)<br>-145 санын 4 есе арттыр. (580)<br>-870 санын 6 есе кеміт. (145)<br>**Жаңа тақырыпты ашу.**<br>-Балалар, сендер үстеріңдегі киімді, қағаз-қаламдарыңды қайдан алдыңдар?<br>-Оны тегін берді ме? Қалай алды?<br>-Ақшаны қайдан алды деп ойлайсыңдар?<br>-Дұрыс, ақша еңбекпен келеді. Сондықтан ақшаның қадірін біліп, үнемдеп жұмсау керек.<br>-Бәрекелді! Бүгінгі сабағымыздың да тақырыбы «Қағаз ақша».<br>Бүгінгі сабақта біз ақшаларды танып, біліп, ұсақтап, берілген соманың құрамын білетін боламыз.<br>Өрнектер мен суреттер бойынша есептер құрастырып, өрнектерді есептеу арқылы Қазақстандағы өзендердің ұзындығын анықтайтын боламыз. | Ширату жаттығуларын жасайды.<br><br>Топқа бөлінеді<br><br>Тапсырмаларды орындайды.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Сабақтың мақсатымен танысады | 200 теңгемен бағалау<br><br>«Ауызша мадақтау» | Керме жіп, қысқыш, тапсырма жазылған парақшалар |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жаңа білім<br>10 мин<br>5 мин<br>1 мин<br>10 мин<br>7 мин<br>Бекіту<br>5  мин | 1) Суреттегі ақшаларға қара. Олардың қайсылары саған таныс? Таныс емес ақшаларды ата.<br>2) 2000 теңгелік, 5000 теңгелік ақшаларды қалай ұсақтағанына қара. Тағы да қалай ұсақтауға болады?<br>3) Көрсетілген соманы әртүрлі тәсілмен қалай жинауға болады?<br>**1. Топтық жұмыс**<br>1-топ. 9000 тг ұсақтау тәсілдерін көрсет<br>2-топ. 7000 тг ұсақтау тәсілдерін көрсет<br>3-топ. 6000 тг ұсақтау тәсілдерін көрсет<br>4-топ. 3000 тг ұсақтау тәсілдерін көрсет<br>Орындаған тапсырманы «Кір жайғыш» жіпке іледі.<br>**2. Тақтамен жұмыс.**<br>4) Есептің сұрағына жауап беру үшін сендерге мәліметтердің қайсысы қажет болғанын анықтап, оны шығарыңдар.<br>А) Есіл өзенінде теплоходпен серуендеуге 9 турист келді. Олар ересек адамдарға арналған 1000тг 3 билет және балаларға арналған 500тг 6 билет сатып алды. Олар билетке барлығы неше теңге төледі?<br>Ш: 1000*3+500*6=6000тг<br>Ж: билетке барлығы 6000 тг төледі.<br>**Сергіту сәті.**<br>Менде бар 1000 теңге,<br>Сенде бар 1000 теңге.<br>Доп сатып алайық,<br>Жүгіріп ойнайық.<br>**3. Топтық жұмыс**<br>Өрнектер мен суреттер бойынша есептер құрастырыңдар.<br>**1-топ.  210*2+150*2**<br>Айдар балықшыларға арналған дүкеннен 210 теңгеден 2 сүзгіш және 150 теңгеден 2 ілмек сатып алды. Ол барлығына қанша теңге төледі?<br>**2-топ.  490+330+150**<br>Елдос 490 теңгелік қармақ, 330 теңгелік шелек, 150 теңгелік ілмек үшін қанша теңге төлеуі қажет?<br>**3-топ.   1000-490*2**<br>Айбар мен Жандос балық аулауға бара жатып дүкеннен 2 қармақ сатып алды. Олардың 1000 теңгесі бар, бір қармақ 490 теңге тұратын болса, сатушы қанша теңге қайтаруы тиіс?<br>**4-топ.   1000-(330+400)**<br>Досжан 1000 теңгесі бар. Ол дүкеннен 330 теңгелік шелек пен 400 теңгелік жіп алды. Досжанда қанша теңге қалды?<br>Есептің жауабын тауып, «Балық аулау» әдісі бойынша есептің жауабын өзендегі балықтардың ішінен есептің жауабын тауып, балықты аулап, шелекке салады.<br>Сен Қазақстан аумағында ірі-ұсақты 85 мың өзен бар екенін білесіңдер ме?<br>**4. Жұптық жұмыс**<br>Амалдардың орындалу ретін анықтап, өрнектерді есептеңдер. Шыққан нәтижелерді кему ретімен жазыңдар. Сонда Қазақстандағы бірнеше өзендердің ұзындығы бойынша ретін анықтайсыңдар.<br>580:5+196*4-307=593-Ырғыз<br>(182*5+45)-453=502-Шідерті<br>1000-904:4-62=712-Жем (Ембі)<br>576+708:3-12=800-Ойыл<br>950:5+394*2=978-Нұра<br>900-557+672:4=511-Сағыз<br>179*4-160+269=825-Торғай<br>(909:3)+(11*3) =366-Бұқтырма<br>(215*2)-(452-439) =417-Лепсі<br>(1000-410)+(9*9) =671- Сарысу<br>134*3+259=661 — Талас<br>**5. «Дүкенде» ойыны**<br>Оқушылар ақшамен төлем жасап, дүкеннен өздеріне қажетті заттарды сатып алады. | Тапсырмалар орындайды.<br>Ақшаларды ұсақтау тәсілдерін көрсетеді<br>Тапсырманы тақтаға орындайды.<br>Іс-қимылмен сергіту сәтін орындайды<br>Заттар сатыа алады | **Дескриптор:**<br>— Таныс, таныс емес ақшаларды атайды,  2000 тг, 5000 тг ақшаны ұсақтаудың басқа тәсілдерін көрсетеді<br>Көрсетілген сомаларды ұсақтаудың тәсілдерін қима қағазбен көрсетеді<br>500 тг бағалау<br>**Дескриптор:**<br>Есептерден қажет мәліметті анықтайды, шартын жазып, шешуін жауабын дұрыс табады<br>1000 тг бағалау<br>Ауызша мадақтау<br>— Өрнектер мен суреттер бойынша есептер құрастырады<br>-2000 теңгемен бағалау<br>Амалдардың орындалу ретін анықтап, өрнектерді есептейді, нәтижелерді кему ретімен өзендердің ұзындығы бойынша ретін анықтайды-<br>5000 теңгемен бағалау<br>**Дескриптор:**<br>Дүкеннен өздеріне қажетті заттарды алып, төлем жасайды.<br>«Ауызша мадақтау» | Оқулық, дәптер ақшалар<br>Оқулық, дәптер, тақтамен жұмыс<br>Өзеннің суреті, балық, қармақ, шелек<br>Қима қағаздар |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Кері байланыс 2 мин | **Кері байланыс: «Білім әмияны»** әдісі бойынша кері байланыс жасайды **Үй тапсырмасы:** 29-бет №8 | Кері байланыс жасайды. | «Ауызша мадақтау» | |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.